21539723962

ШЕШІМ
Қазақстан Республикасының атынан

2024 жылғы 8 тамыз № 5501-24-00-2/2128 іс Павлодар қаласы

Павлодар облысының мамандандырылған ауданаралық экономикалық сотының судьясы А.С.Төлембекова, оңайлатылған іс жүргізі тәртібімен қойылған талап бойынша азаматтық істі қарап:

ТАЛАП ҚОЮШЫ:
Павлодар облысының жұмыспен қамтуды үйлестіру және әлеуметтік бағдарламалар басқармасының «Ардагерлер үйі» қарттар мен мүгедектерді оңалтудың арнаулы әлеуметтік қызметтер көрсету облыстық орталығы» коммуналдық мемлекеттік мекемесі

ЖАУАПКЕР:
Аида Қайратқызы Мейрбекова «Eskermes» жеке кәсіпкер

ТАЛАП ҚОЮШЫНЫҢ ТАЛАПТАРЫ:
1.мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушы деп тану
2. тұрақсыздық айыбын өндіру

ҚАРАР БӨЛІМІ:

Қазақстан Республикасының Азаматтық процестік кодексінің 267-4, 223-226-баптарын басшылыққа ала отырып, сот

ШЕШІМ ЕТТІ:

Павлодар облысының жұмыспен қамтуды үйлестіру және әлеуметтік бағдарламалар басқармасының «Ардагерлер үйі» қарттар мен мүгедектерді оңалтудың арнаулы әлеуметтік қызметтер көрсету облыстық орталығы» коммуналдық мемлекеттік мекемесінің Аида Қайратқызы Мейрбекова «Eskermes» жеке кәсіпкерге мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушы деп тану және тұрақсыздық айыбын өндіру туралы талап қоюы қанағаттандырылсын.

Аида Қайратқызы Мейрбекова «Eskermes» жеке кәсіпкер мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушы деп танылсын.

Аида Қайратқызы Мейрбекова «Eskermes» жеке кәсіпкерден мемлекеттің пайдасына 700 (жеті жүз) теңге тұрақсыздық айыбы өндірілсін.

Аида Қайратқызы Мейрбекова «Eskermes» жеке кәсіпкерден мемлекет кірісіне 1 867 (бір мың сегіз жүз алпыс жеті) теңге мемлекеттік баж өндірілсін.

Жауапкер оңайлатылған (жазбаша) іс жүргізу тәртібімен шешім шығарған сотқа сот шешімінің көшірмелерін алған күннен бастап бес жұмыс күні ішінде осы шешімнің күшін жою туралы арыз беруге құқылы. Арыз, егер жауапкер талап қоюдың келіп түскені және оның оңайлатылған (жазбаша) іс жүргізу тәртібімен қаралатыны туралы тиісті түрде хабарландырылмаған және шешімнің мазмұнына әсер ете алатын пікірді, сондай-ақ дәлелдемелерді ұсына алмаған жағдайда беріледі.

Шешімге – осы шешімнің күшін жою туралы арыз беру мерзімі өткеннен кейін, ал егер арыз берілген жағдайда, сот осы арызды қанағаттандырудан бас тарту туралы ұйғарым шығарғаннан кейін бір ай мерзімде апелляциялық шағым берілуі, прокурор апелляциялық өтінішхат келтіруге құқылы.

Судья **А.Төлембекова**

Құжатқа қол қойылған: Тюлембекова А. С., 08.08.2024

Заңды күшіне енген күні: 16.09.2024, судья Тюлембекова А. С., 16.09.2024

«Төрелік» ақпараттық жүйесі - Сот өндірісі - Судопроизводство - Информационная система «Төрелік»